

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 43 (895) 7 қазан 2022 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

«ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС, ҮЙРЕТУДЕН БАЛАҒА»....

Жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, әрқайсысының өмірден өз орнын табуына бағыт-бағдар беретін мәртебелі мамандық иелері – мұғалімдер, ұлағатты ұстаздар! Аудандық мәдениет Үйінде Ұстаздар күніне арналған салтанатты жиын өтті. Тайыншалық мұғалімдерді кәсіби мерекелерімен аудан әкімі Берік Ақылжанұлы Әлжанов құттықтады. «Ұстаз сөзінің түбінде - қаншама киелі құдірет, ұлағатты ұғым жатыр. Адам баласы не заманнан бері жаңаны үйреніп, ғалымды игеріп, білімді тоқумен келеді. Қай кезеңде болмасын тәлім мен тәрбие беру - ең ұлы мұрат. Бұл орайда, оқушы зердесін осынау асылды дарытушы, білімнің бағдары, ұрпақтың бағбаны ол ең алдымен - мұғалім. Ендеше, мұғалімдер күні - орны бөлек, дәрежесі биік, ең ұлық та ұлағатты мереке. Олай болса барша ұстаздар қауымын осынау мерейлі мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын, - деді құттықтау сөзінде аудан басшысы.

Қоғамның лайықты ұл-қыздарын тәрбиелеуде мұғалімдердің атқарып жүрген еңбегі ерен. Олардың пандемия уақытында да қашықтан оқытуға көшу кезінде ауызбіршілік пен жоғары ұйымшылдық танытып, білім жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуі жолында атқарған өлшеусіз еңбектеріне жоғары баға береміз. Кәсіби мереке құрметіне ауданның бірқатар мұғалімі әртүрлі марапаттарға ие болды. Білім беру саласының бірқатар қызметкеріне облыс әкімінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табыс етілді. Ұстаздық жолда көп жылдар еңбек етіп, білімді шәкірттер тәрбиелеген педагогтар «Тайынша ауданының Еңбек ардагері» белгілерімен марапатталды. Олардың қатарында 40 жылға жуық білім саласында еңбек атқарған ауданымыздың Мәдениет аулының тұрғыны – Іңқар Сарықызы Қыдырмина болды.

«МҰҒАЛІМ БОЛУ – ЕҢ АБЫРОЙЛЫ ЕҢБЕК

Әділетті Қазақстанда еңбек адамы ең бірінші орында тұрады. Себебі, отаншылдық – ең алдымен туған еліңіз игілігі үшін қызмет ету деген сөз. Павлодар облысына жұмыс сапары аясында 85 жылдық тарихы бар Абай атындағы дарынды балаларға арналған гимназияда Президент осылай ой бөлісті, деп хабарлайды Ақорда.

«Мұғалім болу – ең абыройлы еңбек. Сонымен бірге, бұл – өте жауапты жұмыс. Ұстаздық – қасиетті қызмет десек те артық емес. Себебі, әр шәкірттің тұлға болып қалыптасуында ұстаздың орны ерекше. Жастарымыздың отаншыл, әділ, адал және еңбекқор болып өсуіне ұстаздың қосатын үлесі орасан зор. Біз жастардың еңбекке құлшынысын арттыруымыз қажет. Әділетті Қазақстанда еңбек адамы ең бірінші орында тұрады. Себебі, отаншылдық, ең алдымен туған еліңіз игілігі үшін қызмет ету деген сөз. Ол үшін, әрине еңбекқор, іскер болу керек. Әркім өз болашағына өзі жауапты екенін жастар бала кезден терең ұғынып өсуге тиіс. Бұл идеялардың бәрін балалардың санасына міндетті түрде сіңіру керек. Ұлы Абай айтқан «Толық адам» ұғымы – болмысы кемел, көзқарасы терең, көкірегі ояу, еңбекқор адам дегенді білдіреді. Халқымыз «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» бекер айтпаған», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы Павлодар облысы ұлттық қайта өрлеу орталықтарының бірі екенін атап өтті. Оның айтуынша, қазақстандық көптеген танымал ғалым осы өңірде өскен және қазіргі педагогтар аға буынның ізін жалғап келеді. Мектеп директоры Салтанат Шабжанова Қасым-Жомарт Тоқаевқа оқу орнының терең тарихы туралы ақпарат беріп, гимназияның жаңартылған кабинеттерін көрсетті.

Оқушылар мектеп кітапханасында Мемлекет басшысына Рамазан Тоқтаровтың шығармашылығы бойынша «Оқуға құштар мектеп» жобасын таныстырып, жазушының «Ертис мұхитқа құяды» атты кітабын сыйға тартты. Содан кейін Президент республикалық және халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздары мен жүлдегерлерін дайындаған Павлодар облысының педагогтерімен әңгімелесті. Қасым-Жомарт Тоқаев оларды Дүниежүзілік Ұстаз күнімен және қазақстандық педагогтердің өткен кәсіби мерекесімен, ал гимназия ұжымын мерейтойымен құттықтады. Мемлекет басшысы Черчилльдің «Мұғалімдерде мемлекет басшылары армандайтын билік бар» деген сөзін тілге тиек етіп, мектептерде жеке адамның да, тұтас мемлекеттердің де шынайы бәсекелестік негізі қаланатынын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамдық және жеке құндылықтар жүйесін қайта жаңғырту керек екенін айтты. Президенттің айтуынша, біз ұлттық дәстүрлерімізді сақтай отырып, қоғамда прогрессивті ұғымдарды белсенді дәріптеуіміз қажет. Бұл – еңбекқорлық, білім құлты, өзара сыйластық, ынтымақтастық, сенім, іскерлік, ұқыптылық, сыни ойлау ыңғай қасиеттер. Президент ұлттық жаңа қарым-қабілеттерін қалыптастыруда және Әділетті Қазақстанды құруда мұғалімдер шешуші рөл атқаратынына сенім білдірді. Павлодар облысының педагогтер қауымының атынан №8 орта мектеп лицейінің орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ирина Шевченко және Мұзафар Әлімбаев атындағы орта мектептің музыка пәнінің мұғалімі Бақытхан Оразбек сөз сөйледі.

<http://www.akorda.kz/>

БӘРІНІҢ ҚАЛАУЫ – БЕЙБІТ ӨМІР

Ресейде мобилизациялау туралы жарлық шыға сала, кейбір азаматтары қолға қару алғаннан гөрі шекара асып кетуді дұрыс көрген. Шиеленіскен бұл жағдай шығысқазақстандықтарды да бейжай қалдырмады. Облыстың 800 шақырымдай шекарасы Ресеймен шектесіп жатқан соң да алаңдайды. Әлбетте, бас сауғалап келген Ресей азаматтарын кеудеден итерейін деген еш-кім жоқ. Бірақ қымбатшылық қысып тұрған шақта пәтер бағасының шарық-тап кеткеніне күйінеді ел.

Ресейліктердің шекарадан іркес-тіркес өткенін Өскемендегі халыққа қызмет көрсету орталықтарындағы ұзын-сонар кезектен байқауға болады. Бірақ Ресей азаматтары үшін арнайы бір терезе қызмет көрсетіп тұр. Бардық, көрдік, шекара асып келген азаматтармен тілдестік. Алайда ХҚО басшылары қандай да мәлімет беруден бас тартты. Алғашында кезекте тұрған азаматтар журналистермен сөйлесуге ниет білдіре қоймаған. Әрине, соғыстан қашып, шекара асып кеткен соң ертеңгі күні сұрауы бар деп қауіптенетін шығар, кім білсін?! Десе де, іштерінен суырылып шығып, өз ойларын ашық айтқандар, соғысқа қарсылықтарын білдіргендер де болды. Өздері қашып жүргенімен, Ресей басшылығының саясатына сырттай қолдау білдіргендерді де құлағымыз шалды.

– Бізді қашып келді деп айыптап жатқандарды білеміз. Бірақ мынаны түсінсе екен деймін; біз Отанды тастап қашып келген жоқпыз. Бірақ бұл қақтығысқа қатысқымыз келмейді. Қараңыз, кезекте тұрған анау жастар қолдарына қару ұстап көрмеген. Ертең соғысқа кірсе, өледі де қалады. Егер, Отанға қауіп төнсе, әңгіме басқа, – дейді Иван Гаврилов.

Көпшілігі пікір білдіргенімен, аты-жөндерін жазбауын сұрады. Ал Мәскеуден Новосібірге ұшып, одан Өскеменге табан тіреген И.Гаврилов ойын ашық айтып қана қойған жоқ, тарихтан орағытып келіп, саясатты да талдап берді. Оның ойынша, бұл соғыста болып жатқан әділетсіз әрекеттер көп. Елге керегі – бейбіт өмір, тұрақтылық.

– Шынымды айтсам, Өскемен деген қаланың барын білмеппін. Жарлық шыға сала ұшаққа билет алдым. Былайша айтқанда, басым ауған жаққа кетуім керек болды. Ең бастысы, соғысқа бармасам деп ойлады. Сөйтіп, Новосібірге ұшып келдім. Одан автобуска мініп, Өскеменге тарттым. Жолым болды. Автобекеттен Өскеменге деген соңғы билет маған бұйырыпты, – дейді ойын бүкпесіз жеткізген Иван Гаврилов.

Ал Новосібір қаласының тұрғындары Кирилл мен Оксана мобилизациялау туралы жарлық шыққан соң артынып-тартынып, жеке көліктерімен Өскеменді бетке алған. Олар да Отанын амалсыз тастаған. Соғыс оты сөнсе, кері қайтуымыз мүмкін деседі.

– Егер Отаным қауіп төнсе, бірінші өлуге әзірмін. Ал дәл қазіргі жағдайда не үшін соғысқаныңды, не үшін өліп қалғаныңды білмейсің ғой. Кейін, елдегі жағдай тынышталса қайтып ораламыз, – деп түсіндірді Кирилл. Иә, ресейлік азаматтардың кейбіреуі жағдай тұрақталса, оралатындарын ашық айтты, енді бірі Еуропа елдеріне барып тұрақтаймыз деп кесе сөйледі. Халыққа қызмет көрсету орталығында түске қарай ресейліктердің қарасы көбейе берді. Мобилизациялау туралы жарлық шыққалы қанша азамат Шығыс Қазақстанға өтті деген сұраққа көші-қон полициясы қызметкерлері басшылығының келісімінсіз жауап беруден үзілді-кесілді бас тартты. Полиция департаментінің баспасөз қызметі де аталған сұраққа жедел жауап бере қойған жоқ, жан-жақты ойланyp барып жауап жолдаған сияқты. Департамент мәліметіне сүйенсек, «Үбі Авто» шекара бекеті мен «Өскемен» әуежайы арқылы 8 629 шетелдік азамат келген. Олардың 5 935-і Ресей азаматтары. Бұл – 28 қыркүйекке дейінгі дерек.

Сонымен қатар облыс аумағында 684 жалдамалы пәтер тіркелсе, онда Ресей Федерациясының 11 азаматы тұрып жатыр. Облыстың қонақүйлеріне 458 ресейлік азамат орналасқан. Оның 28-і Шемонаиха ауданында, 67-сі Риддер-де, 363-і Өскеменнің қонақүйлерінен орын тапқан.

Тарқатып айтсақ, дәл қазіргі уақытта Ресей Федерациясынан 8 450 адам облыс аумағында тұрып жатыр. 4 972 азамат облыста тұрақты тұрады. Ал 1 737 ресейлік уақытша тұрақтаған. Қалған 1 741-і хабарлама бойынша. Полиция департаментінің ҰҚК шекара қызметінің ақпаратына сүйене отырып, жолдаған статистикалық деректері осы.

Құжынаған цифр өз алдына, осыншама ресейлік азаматтардың келуі – пәтер бағасының өсуіне әкеліп соқты. Иә, баға шарықтады. Хабарландыру сайттарын парақтап отырсақ, екі бөлмелі пәтераның бағасы 400 мың теңгеге дейін жеткен. Айына 400 мың теңгені әр өскемендік ағайынның қалтасы көтермейді.

– Ресей мен Украинаның арасындағы жағдай кімді болсын алаңдатып отыр. Ал елімізге келіп жатқан Ресейдің азаматтарына шектеу қоя алмаймыз. Керісінше, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтып өткендей, қамқорлық көрсетуіміз керек. Бізге керегі – береке-тірлік. Тек, пәтераның негізсіз қымбаттап жатқанына тоқтау салуымыз керек. Әйтпесе, пәтерден пәтерге көшіп жүрген жас отбасылар үшін қиын. Жатақханаға сыймай қалған студенттер қанша?! – дейді саясаттанушы, қоғам белсендісі Әділ Сайлаубек.

Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ,
журналист «Egemen Qazaqstan».



Сонымен қатар, осы марапатқа ие болғандар ұлағатты ұстаздар: Д.Ә.Жұмағұлова, Г.П.Яворская, Л.Г.Баландикова. Салтанатты шара жергілікті өнерпаздардың қатысуымен өткен мерекелік кешке ұласты. Балалар өнер мектебінің шәкірттерімен дайындалған мерекелік концерт бәрінің көңілінен шықты.

**ТАЙЫНША АУДАНЫ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ
БАСШЫЛЫҒЫМЕН 2022 ЖЫЛҒЫ
4 ТОҚСАНҒА
АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Ақтанов Нұрлыжан Жақсылықұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығы полиция полковнигі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

Аманбаев Арғын Қошқарбайұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығының бірінші орынбасары полиция майоры - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

Қасенов Қазбек Амантайұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығының жедел жұмыс жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

Қасенов Қайрат Серікбайұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығының тергеу жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

Нұрахметов Марат Әмірханұлы - Тайынша ауданының ПБ бастығының кадр саясат жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі - дүйсенбі-жұма 10.00 сағаттан 13.00 сағатқа дейін, 14.30 сағаттан 18.00 сағатқа, сенбі 10.00 сағаттан 16.00 сағатқа дейін.

ПБ бастығына қабылдау жүргізіледі. тел: 22-8-75.

**СҚО БОЙЫНША СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТІНДЕ
БАСШЫНЫҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ**



Ведомствоның баспасөз қызметінің мәліметінше, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары ретінде **Айдос Жүнісов тағайындалды.**

Айдос Жаппарұлы Алматы қ. тұмасы, құқықтану мамандығы бойынша жоғары білімі бар.

2010-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінде (қаржы полициясы) қызмет өткерген.

2014 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінде жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары лауазымына тағайындалғанға дейін Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) түрлі аумақтық бөлімшелерінде басшының орынбасары лауазымын атқарды.

**ӘКІМДІКТЕ ӨТКЕН
АЛҚАЛЫ ЖИЫН**

Қазанның 4 жұлдызында Солтүстік Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Тілеген Төлегенұлы Каскин, Солтүстік Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясы аппаратының басшысы Нүргүл Тілекқызы Бексұлтанованың қатысуымен аудиторлық іс-шаралар шеңберінде қаржылық тәртіпті бұзудың алдын алу мәселелері бойынша семинар-кеңес өтті. Семинарға ауылдық округ әкімдері, жергілікті атқарушы органдардың басшылары мен бас есепшілер қатысты. Жиын барысында ауданның жергілікті бюджетін атқарудың өзекті мәселері мен салық заңнамасы нормалары, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілері жайында пікір алмасу болды. Бірінші болып сөз алған Солтүстік Қазақстан облысы бойынша тексеру комиссиясының төрағасы Т.Т.Каскин Тексеру комиссиясының негізгі функциялары, құқықтық талаптары мен міндеттеріне тоқталды. Жалпы тексеру комиссиясының миссиясы Солтүстік Қазақстан облысының аумағында қаржы тәртібін нығайту және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсаттарында жергілікті бюджет қаражатын мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру екенін айта келіп, осы бағыттағы атқарылған комиссия жұмыстары бойынша ақпарат берді. Тексеру комиссиясының атқаратын жұмысының негізгі мақсаты өңірдегі жергілікті бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылатынын тексеру комиссиясының төрағасы ашық айтты. Осы бағытта облыс көлемінде кемшіліктердің бар екені де сөз болды. Кемшіліктер болмас үшін, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы және жергілікті бюджеттердің атқарылуы, бюджет қаражатының, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылуы саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері талаптары сақталуы қажет, ал бір түсінбеушілік жағдайлар болса, хабарласып алдын ала кеңес алу қажеттігі төраға тарапынан қатаң ескерілді. Ал, СҚО бойынша тексеру комиссиясы аппаратының басшысы Нүргүл Тілекқызы Бексұлтанова сөз кезегінде 2022 жылдың бірінші жартыжылдығындағы жергілікті бюджеттердің атқарылуына, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылуына және қаржылық бақылауды жүзеге асыру мақсатында өткен тексерістерге тоқталды. Бүгінгі таңдағы өзекті мәселер талқыланды және соңында аудан әкімі Б.А.Әлжанов жиынға қатынасқан Т.Т.Каскин мен Н.Т.Бексұлтановаға маңызды ақпараттар үшін алғыс білдірді.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ
ВЕДОМСТВОАРАЛЫҚ
КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ
ӨТТІ**

Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігінде жергілікті атқарушы органдарда жобалық басқаруды енгізу мәселелері және «Солтүстік» ӘКК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау нәтижелері бойынша ведомствоаралық комиссияның отырысы өтті.

Кеңес барысында қатысушылар № 4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағытын іске асыру шеңберінде облыстық басқармалардың сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдаулардың нәтижелерін жария түрде талқылады.

«Облыс бойынша пилоттық жобада 20 облыстық басқарма мен 27 квазимемлекеттік сектор мекемесі жұмыс істейді. Негізгі құралдардың бірі – ішкі талдау. Мемлекеттік органдардың басшылары сапалы ішкі талдауға өздері қызығушылық танытуы тиіс, өйткені бұл болашақта сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге мүмкіндік береді», - деді СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің басшысы Сергей Перов.

Оның айтуынша, мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 47 ішкі талдау жүргізді.

Ең ауыр салалардың бірі – автожолдардың арасында уәкілетті басқарма талдау қорытындысы бойынша «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК филиалдарына автожолдар бойынша жөндеу жұмыстарының сапасын бақылауды жүзеге асыруға қатысу нормасын бекітуді ұсынды. Бұл шара жұмыс барысына бақылауды күшейтіп қана қоймай, жоспарлау кезеңінде олардың құнына сараптама жасауға мүмкіндік береді.

Департамент басшысы атап өткендей, басшылар өз бағыныштылары туралы да, жұмыстың тиімді және заңды әдістері туралы да ойлануы керек.

«Адамдар шенеунікті немесе қандай да бір басшыны жауапкершілікке тартып қана қоймай, мемлекеттік органның қызметінде оқиғалардың қайталануын болдырмайтын тиісті өзгерістер болғанын көруі тиіс. Сондықтан біз үшін анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің толық көлемде жойылуы маңызды», - деп қорытындылады Сергей Перов.

**ВЕТЕРИНАРИЯ
САЛАСЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР**

Мемлекеттік қызмет көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша жеке негізде жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін жүзеге асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру нысандарының бірі болып табылады. Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі бекітілген ережелер мен стандарттарға сәйкес мемлекеттік қызметтің екі түрін көрсетеді:

- Ветеринариялық анықтама беру
- Ветеринариялық паспортты беру

Мемлекеттік қызметтер ТЕГН, кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз, қатаң түрде ауыл шаруашылығы малының иесінің өтініші бойынша көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті алу үшін азаматтар көрсетілетін қызметті берушіге – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліспен сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін;

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ АНЫҚТАМА БЕРУ:

«Ветеринариялық сертификат» - Тараптың уәкілетті органы тасымалдауға (тасымалдауға) жататын бақыланатын тауарларға беретін, оның ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан қауіпсіздігін және осы тауарларды өндіру орындарының әкімшілік аумақтарының әл-ауқатын куәландыратын құжат. жануарлардың жұқпалы ауруларына, оның ішінде адам мен жануарларға ортақ ауруларға. Ветеринариялық анықтаманы беру мерзімі 1 (бір жұмыс күні) ішінде тірі жануарларды немесе жануарлардан алынатын өнімдерді, техникалық шикізатты, жемшөп пен жемшөп қоспаларын Қазақстан Республикасының шегінен тыс тасымалдау үшін ветеринариялық сертификат алу қажет. Ветеринариялық сертификат Қазақстан Республикасының аумағында жарамды.

- №1 нысан – тірі жануарларды алып жүреді;
- № 2 нысан – жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат;
- № 3 нысан – техникалық шикізат, жем және жемшөп қоспалары;

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ПАСПОРТТЫ БЕРУ

Ветеринариялық паспорт – жануар, иесі туралы мәліметтер және жүргізілген ветеринариялық процедуралар туралы мәліметтерді қамтитын құжат, атап айтқанда: вакцинация туралы мәліметтер; гельминтикалық инвазияны емдеу немесе алдын алу туралы деректер; бүрге мен кенені емдеу деректері; хирургиялық араласулар туралы ақпарат; көбею туралы деректері; орындалған диагностикалық сынақтар туралы ақпаратты енгізуге болатын баған бар; егер бар болса, электрондық чиптің болуы туралы ақпарат. Сондай-ақ, төлқұжатқа жануардың өзі туралы мәліметтер енгізіледі: фотосурет, бүркеншік аты, туған күні, жынысы, тұқымы, түсі, жүнінің түрі, селекционердің аты-жөні және мекен-жайы. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: Ветеринариялық паспортты, ветеринариялық паспорттың телнұсқасын, ветеринариялық паспорттан үзінді көшірме беру немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту. Ветеринариялық паспорт қағаз түрінде ресімделеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

- 1) ветеринариялық паспортты беру кезінде – 3 (үш) жұмыс күні ішінде;
- 2) ветеринариялық паспорттың телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні ішінде; 3) ветеринариялық паспорттан үзінді көшірме беру кезінде – 30 (отыз) минут ішінде. Құрметті Тайынша ауданының тұрғындары, мемлекеттік қызметті алу үшін «Тайынша ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКҚК-на хабарласуыңызға болады, Тайынша қаласы, Күншығыс көшесі, 100 үй.

«Тайынша ауданының ветеринариялық станциясы».

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТЕГІ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің СҚО бойынша департаментінің Превенция басқармасының басшысы **Дамир Хабибулин «Солтүстік» ӘКК АҚ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері туралы хабарлады.**

«Мемлекет басшысы әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар өңірлердің әлеуетін арттыру мақсатында құрылғанын және толыққанды өңірлік даму институттарына айналуы тиіс екенін, ал олардың жұмысы ашық және жұртшылықтың толық бақылауында болуы тиіс екенін атап өтті. Бұл мәселеде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің ұстанымы айқын – кәсіпкерлерге олардың даму мүмкіндіктері айқын болуы тиіс. Сондықтан адал және бәсекеге қабілетті бизнесті жүргізу үшін біз талдау барысында ӘКК көрсететін қызметтердің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыратын 40 ұсыным қалыптастырдық», - деді Д.Хабибулин.

Жарқын мысал ретінде конкурс өткізу арқылы жеңілдікті қарыздар беру рәсімдерін өткізу туралы ұсыным келтірілген. Спикердің айтуынша, бәсекелестік тәсілмен қарыздар бизнестің бес өкіліне берілген.

«Қазіргі уақытта конкурстық материалдарды қабылдау қағаз форматта жүзеге асырылады және тізімде мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алуға болатын құжаттарды қамтиды. Жеке байланысқа жол бермейтін цифрлық құралдарды енгізгеннен кейін қарыз алу ашық болады», - деп түсіндірді баяндамашы.

Соңында ведомство өкілі қоғамдық пікір көшбасшыларына өзара іс-қимыл жасағаны үшін алғыс білдіріп, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын арттыру бойынша бірлескен жұмысты жалғастыруға үміт білдірді, осылайша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудың барлық алғышарттарын жоюға жол ашады.

• Рухани жаңғыру

ҰЛТЫНЫҢ ҰЛАНЫ, ДӘУІРІНІҢ ДАУЫЛПАЗЫ

Ресей аймағындағы түркі ұлыстары өткен ғасыр басында төңкерістер әсерінен түленіп, тіршіліктерін түзей бастады. Ұлт зиялылары халқының жал-ахуалын жақсарту қамымен «бас кетсе де, тартынбас» қарекет қылды. Өйткені олардың алдында Ыбырай, Абайлар бастаған сара жол жатты. Олар ұлтына ұлағат айтып, «қараңғы қазақтың көгін» жарқыратып, жұлдыздай жанды, айдай аспандады. Солардың бірі - Ахмет Байтұрсынұлы. Бұған дәлел болар дәйектемені ақынның төл туындысынан да, аудармасынан да тауып, қоғамдық қызметінен де анықтарымыз айқын.

Санасы сергек, ойы озық сауатты қай ұлттың өкілі болсын, ол азаттық-ағартушылық бағыт ұстанады. Олардың ойынша, қараңғы халықтың бойына оқу-білім ұрығын себу арқылы прогреске шақыру – басты да, ұлттық та мақсат болуы тиіс. Бұл отаршылдық бұғауында болған түркі жұртының текті ұлдары түгел талап еткен ұлт сұранымы, уақыт талабы еді. Патшалық Ресей бодауындағы қазақ жұрты да азаттық алу үшін жұмыла күресу керектігін терең сезінді. Осы қажеттіліктен ұлттың сөнбес жады – «Алаш» идеясы жанданды. Соның негізінде ХХ ғасыр басындағы ұлттың тәуелсіздікке деген аңсарынан оның отаршылдыққа қарсы қоғамдық-саяси ұлт-азаттық қозғалысы қалыптасты. «Алдыңғы толқын ағалар» салған сара жол Әлихан, Ахмет, Міржақып, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбек, Мағжан сынды дәстүр жалғастырушы жалынды жыршылар мен қоғам қайраткерлерін азабы мол тартысқа, айқайы көп көкпарға салды. Айтар болсақ, Ахмет Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұспа-тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Ахмет болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспа-хана ашуға рұқсат беру, патша өкіметі бекіткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Және онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілді. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде тұтқындалып, оны қазақ облыс-тарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылданды. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда көшіріліп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Орынборда өткізген кезең оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жылдары өзінің ең жақын сенімді достары Ә.Бөкейханов, М.Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. «Ұлттың тұтастығы – идеяда» десек, қазақ зиялыларын біріктірген қасиетті ұғымдардың бірі – Алаш идеясы еді. Ұлт тәуелсіздігіне негізделген ұстаным Ахметті әдебиетке алып келді. Ол әдебиетті халыққа әсер етуші үлкен күш деңгейіне көтерді. 1909 жылы Петербургте «Қырық мысал» кітабын, 1911 жылы Орынборда «Маса» атты өлеңдер жинағын бастырды. А.Байтұрсынұлы - өзінің қоғамдық-саяси қызметін шығармашылығымен ұштастыра білген көрнекті қалам иесі. Ол өзінің алғашқы кітабы «Қырық мысалда» Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. Мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, ұлтты тілі арқылы әлеу-меттік сананың оянуына ықпал етті. Ұлтының ұланы, дәуірінің дауылпазы ретінде сол тұстағы халқының қамына қынжылып, қаракеттерін кейде сынап, кейде әжуалап та отырды. Әрине, онысы болашаққа терең бойлағандықтан туындаған өткір мысқылы, өртенде өткен өмірдің өкініші екені анық. «Қырық мысал» жинағының беташары «Замандастарыма» өлеңімен: «Орыстың тәржіме еттім мысалдарын, Әзірге қолдан келген осы барым» – деп басталып, мысалдары «Аққу, шортан нәм шаян» өлеңімен жалғасады. Жинақ астарындағы тұжырым оқырманын сан қилы ойлар тұңғығына жетелейді. Мысалдағы аққу, шортан нәм шаян хәлі қазақ қауымына жат емес-тін. Жинақтағы қырық мысалдың алғашқысы етіп дәл осы мысалды беруінде де үлкен мән бар, ол – халықты ауызбіршілікке шақыру. Алаш әдебиетінің ұраны – отаршылдыққа қарсы бірлесу мен халық ынтымағы болғандығын осы мысалдан көруге болады. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді (1911). «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Ыбырай мен Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңғырта отырып, Ахмет 20-ғасыр басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. А.Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі

мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Ахмет 1917 жылы революциялық өзге-рістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды. Ол Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпы қазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп А. Байтұрсынұлын бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Осы тұста өкімет басына келген Кеңес үкіметі Алашорда басшылары мен мүшелеріне кешірім жариялады. А.Байтұрсынұлы Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты. Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 жылы 27 тамызда Қостанай уезін Челябинск облысына қосу туралы шешіміне қарсы оның жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920–1921 жылы халық ағарту комиссары қызметінде болды. 1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922–1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынұлы түрлі мемлекеттік қызметке атсалыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген. 1921–1925 жылы Орынбордағы, 1926–1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 жылы Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «ұштiгiнiңi» 1930 жылғы 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес А. Байтұрсынұлы ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады. 1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат берілді. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың көмегімен А.Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақын жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. 1937 жылы 8 қазанда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда «халық жауы» атанып, атылды. Байқауымызша, ұлттық қасиеттерді бойға дарытқан зиялылар басқа халықтардың да мұң-мұқтажын, мұрат-мақсаттарын түсінеді. Сөйтіп, ұлт мүддесі жолында тізе қосып, күш біріктіреді. Олар ұлт руханиятының өрлеуі жолында, халық өмірін қайта құру мақсатында еңбектенеді де. ХХ ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлері қоғам өмірінің объективті тұстарын өзгертуді күшпен емес, сананың сол процеске енуі арқылы жүргізілуге тиіс деген түйінді пікірді қуаттады. Олар иық тіреген басты концепция – бостандық пен рухани езгіден құтылу және халықты жалпы адамзат құндылықтарымен нәрлендіру секілді мақсаттарға негізделді. Нақтылай айтқанда, олар қазақ елінің өркениетті, егеменді мемлекет болып, дамыған елдер қатарынан көрінуін мұрат тұтты. Ол мақсат-мұраттардың негізі байырғы төл мәдениетіміздің өрісі мен рухани дүние өресінде екенін зайырлы қауым өкілдері жете түсінді. Сондықтан олар империя кезінде бастаған іс-әрекет, қимылдарын қызыл үкімет тұсында да жалғастырды. Алайда, елдің санасын сергілтіп, намысын найзаға іліп, халық арасында рухани қозғалыс туғызған бұл үрдістің адымы ұзаққа бармады. Кеңестің келеңсіз саясаты ұлттық зиялылардың дұрыс пайымдарын пайдаға асырмай, оң істерін теріске айналдырды. Сөйтіп, ұлтына «ұлтан, атына тұрман» болуға даяр арда ұлдар мен асыл арыстардың бостандыққа деген шабыты ұзаққа созылмады. «Алаш» қозғалысы қарулы басқыншылықпен таратылғаннан кейін жеңіс жырының орнын қасіретке толы ғұмырлар алмастырды. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы қайраткер көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды. Бүгінгі күні Қазақ елі өз алдына мемлекет болып, босағасын бекітіп, рухани жаңғыру кезеңін бастап кешіріп жатса, оған Ахмет Байтұрсынұлы сынды Алаш арыстарының еңбегі ұшан-теңіз екені айдан анық.

Сейфетдин Сүтжанов,
әдебиетші-ғалым.

• Денсаулық бұрышы

“ӨМІРЛІК ДАҒДЫЛАРДЫ ДАМУЫ”

Біздің қоғамның аутизм туралы ақпараттану деңгейі төмен. Мұндай жағдайдағы баламен жұмысты барынша ерте бастаған жөн. Дер кезінде емделген балалардың басым бөлігі толыққанды әрі тәуелсіз өмір сүруге мүмкіндік алады.

Әлемде шамамен әрбір 59-шы баланың ағзасында аутистік спектрлі кемшіліктер байқалады. Аутизм немесе аутизм спектрінің бұзылуы ауру болып табылмайды. Неліктен дейсіздер ме? Өйткені аутизм спектрінің бұзылулары (АСБ) психика мен ми қызметінің ерекшелігі және ол өмір бойы солай қалады, алайда тұқым қумауы да мүмкін. Ерте диагностика және уақтылы көрсетілген көмек АСБ бар адамның қоғамда өмір сүруге бейімделуіне, өзін-өзі күтуіне, білім алуына, кәсіппен айналысуына мүмкіндік береді. Аутизмнің алғашқы белгісін 3 жасқа дейінгі мерзімде байқауға болады.

Егер ата-анасы баланың мынадай қылықтарын байқаса:

- оның атын атап шақырғанда жауап қатпаса;
- адамның көзіне қарамаса;
- бір қозғалысты жиі қайталай берсе;
- ойыншықтарға қызықпаса немесе жалғыз ойыншықпен ойнай берсе;
- жиі әрі орынсыз ашуланса.

Біздің өңірде аутизмге шалдыққан балалары бар отбасыларға тегін кө-мек көрсететін “Асыл Мирас” аутизм орталығы жұмыс істеді. Ол облыстық әкімдік, белсенді ата-аналар және Б.Өтемұратов қайырымдылық қорының қолдауымен 2019 жылдың 3 қазан күні ашылған болатын. Қазіргі таңда “Асыл Мирас” аутизм орталығында алты түзету бағдарла-масы бойынша жұмыс жүргізіледі. Олар: “Ерте жаста қолдау”, “Өмірлік дағдыларды дамыту”, “Әлеуметтік дағдылар”, “JASPER”, “Оқу дағдыларын дамыту”, “Қарқынды курс”. Ең алдымен, аутизм спектрі бұзылған баланы диагностикадан өткізу керек, содан кейін ғана керекті бағдарламаға барып, үш айлық (қарқынды курс 10 күн) түзету сабақтарын өтеді. Бүгінгі күні ерте диагностикалаудың бірнеше жолдары бар, соның біріншісі – “ADOS-2” диагностика әдісі. Осы диагностика әдісі қазіргі күнде ең сенімді әдіс саналатындықтан бізде қолданылады.

“Асыл Мирас” орталығы мінез-құлықты талдаудың АВА әдістемесімен де жұмыс істейді. Бұл әдіс аутизмі бар балалардағы өзіне-өзі зиян келтіретін мінез-құлықты және ашушаңдықты тоқтатуға немесе азайтуға арналған. Сонымен қатар арнайы кезеңдер арқылы баланың әлеуметтік, оқу, қарым-қатынас және мінез-құлық дағдыларын жақсарту үшін қолданылатын терапия әдісі бар. Оның негізі – ризашылық белгісі (мотивационный стимул) болып табылады. Мысалы, тамақтың алдында қолын жұса немесе берген тапсырманы орындаған кезде ризашылық білдіру. Осылайша бала қандай іс-әрекетіне сыйақы алатындығын біледі. Бала сыйақы алуды жалғастыру үшін осы әрекеттерді қайталаса ғана берілетінін үйренеді. Бұл әдіс “Оқу дағдыларын дамыту” бағдарламасындағы сабақтар барысында іске асады. “Ерте жаста қолдау” бағдарламасында маман-да-рымыз денверлік модельді қолданып, балалардың сенсорлық және қозғалыс, қарым-қатынасты жақсарту, ақпаратты ұғыну дағдыларын дамытады. Сөйлеу дағдыларын дамыту, балаға өтініш білдіруге, назарын дамытуға көмектесетін бағдарлама “JASPER” деп аталады.

Аутизмі бар балалардың кіммен болса да қарым-қатынасқа түсуі қиынға соғады, сондықтан біздің орталығымызда “Әлеуметтік дағдылар” бағдарламасы жұмыс істейді. Бұл бағдарлама аясында балалар басқа адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау, тыңдау және айналасындағылардың эмоциясын түсінуді үйренеді. “Өмірлік дағдыларды дамыту” бағдарламасы балаларға өзін-өзі күтуге және өзіне қамқорлық көрсетуге қажетті ептілікті меңгеруге көмектеседі. “Қарқынды курс” – алыс аудандардан келген ата-аналарға баланың дағдыларын үйде дамытуға арналған қысқаша жеке бағдарлама. Біздің мамандарымыз “Marcus Crisis Prevention Program” (кризистік жағдайдың алдын алу) әдісін де меңгерген.

“Асыл Мирас” орталығында сабақтар АҚШ-ғы Калифорния университеті және Атлантадағы “Marcus Autism Center” әзірлеген американдық технологиялар бойынша өткізіледі. Бұл технологиялар тиімділігін дәлелдеді. Біздің орталықтың мамандары әрдайым өз тәжірибелері мен білімдерін шыңдап отырады.

Орталық мамандары аутизмге ұшыраған балалары бар ата-аналарды оқытуға баса назар аударады. Өйткені ата-ананың өзі баланың машықтарын дамыту үшін не істеу керек екенін, сонымен қатар сын сағаттарда қалай әрекет ету қажеттігін дұрыс түсінетін болса, баланың да, өзінің де қобалжу (стресс) деңгейі төмендейтіні іс жүзінде дәлелденген. Біздің сабақтарымызға балалардың әкесі немесе шешесі міндетті түрде қатысады. Олар үрдісті әрдайым қадағалап отырады және өз баласымен тіл табысуды да қоса үйренеді. Орта есеппен алғанда интервенция бағдарламасын өткен соң балалардың дағдылары екі есе жақсарады. “Асыл Мирас” орталығы ашылғаннан бастап 587 бала интервенция бағдарламасынан өтті, ал 89 бала өз кезектерін күтуде. Бізге кезекке тұру үшін психологиялық-медициналық-педагогикалық кон-сультациядан өту қажет. Өйткені ата-ана өз баласының дамуында қандай да бір ауытқуды байқаған кезде алдымен сонда барады. Егер аутистік спектордың ауытқуларын сол жердің мамандары байқаса, бізге жолдама жазып береді.

Құралай САҚТАҒАНОВА,

“Асыл Мирас” аутизмі бар балаларды қолдау орталығының маманы.

ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРИЯЛАРҒА ҚҰРМЕТ



Жыл сайын елімізде дәстүрлі түрде 1 қазан күні Халықаралық қарттар күні аталып өтеді. Бұл күні әр аймақта аға буын өкілдеріне құрмет көрсету мақсатында ауқымды шаралар атқарылады. Ақыл-парасат пен өнегесіеттің шырағы болған қазыналы қарттар күніне орай, аудан әкімі Б.А.Әлжанов ауданның ардагерлерімен кездесті.

Біздің қарияларымыз – еліміздің алтын қоры, салт-дәстүрдің шырақшылары. Әрқашанда қоғам аға буын өкілдеріне зор құрмет көрсетіп, олардың аса құнды кеңестері мен ақыл-парасатын, ғұмырлық ғибратын үлгі тұтатыны мәлім. Бұл қастерлі мейрам - тәуелсіз еліміздің дамуына және қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан аға-ұрпақ өкілдеріне деген еліміздің үлкен құрметі мен зор қамқорлығының белгісі. Аталмыш мереке күні қарсаңында алдыңғы толқын аға-апаларымызға арналған түскі ас беріліп, құрмет көрсетілді.

– Біз «Қариялы ел – қазына», – деген халық даналығымен сусындап, қашанда қартын құрметтеп, қариясын сыйлаған халықтың баласымыз. Сіздер бүгінгі күні зейнет жасында болғанның өзінде қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, жас ұрпаққа бағыт-бағдар көрсетіп, кеңес беріп отырсыздар. Бұл қасиеттеріңізге қарап бойымызға үлкен құат аламыз. Қазірге

дейін егеменді ел атану жолында түрлі қиын-қыстау заманда дес бермей, мемлекеттің дамуына аянбай тер төгіп келесіздер. Алдағы уақытта да әрдайым кейінгі толқынға қолдаушы болып жүре беріңіздер демекпін, – деп аудан әкімі өз тілегін айтып қарияларға мықты денсаулық тіледі. Қариялардың сұрақтарына жауап берді. Ауданның келешегі мен бүгінгі таңдағы өміріне де тоқталды. Аға буын ардагерлер бас қосқан мазмұнды кеште тек жүрекжарды тілек пен ақжарқын әңгімелер айтылды. Сонымен қатар, мерекелік іс-шара барысында әр еңбек саласында ұзақ жыл қызмет атқарған қариялар өз естеліктерімен бөлісіп, жастық шақтың жарқын сәттерін еске алды. Өздеріне көрсетілген ықылас пен құрметке риза болған қарттар аудан әкіміне алғыс білдіріп, жаңа аудан әкіміне ақ баталарын берді. Мұндай іс-шаралар ұрпақ сабақтастығы үшін аса маңызды.

«Толысып аққан дария – мейірбанды қария» демекші, қашан да үлкеннің қадірін жете түсінген халықпыз. Соның бір үлгісі бүгін көрініс тауып отыр. Бейбіт өмірде осылай көп жылғы бейнеттің зейнетін көріп, құрметке ие болу – біз үшін зор бақыт, – дейді қариялар.

Жанаргүл Мұратқызы,
тілші.



АЙМАҚ ЕЛІНІҢ- АСЫЛ ӘЖЕСІ



Ананың разылығы - Алланың разылығы деген. Ананы барынша қадірлеп, алақанымызға салып, аялап өтейік. Ана сенің бар еркелігіңді көтерді, ақ пен қараны ажырата алатындай дәрежеге жеткізді. Ананың табанының астында жұмақтың кілті жасырулы, сонда аяулы алақанында не жасырылған екен? Кім біліпті?! Әйел заты ең мейірімді, ең нәзік жан болғасын ана болу бақыты бұйырған. Үш қана әріптен тұратын "ана" сөзінде қаншама мағына жатыр. Ананың жүрегінің кеңдігінде бақыт орналасқан іспетті. Өзімізді анамыздың жанында бақытты сезінеміз. Ананың жүрегі әрқашан "балам" деп соғып тұрады. Күні- түні баласын ойлап, сол үшін бар өмірін арнайтын жалғыз жан ол да – ана-дей келе, біздің елімізде аяулы ана, ардақты әже Есқақова Сапия Оралқызы Есқақова Сапия Оралқызы 1927 жылдың 24 қыркүйегінде Бұрабай өңірінде Қарабауыр ауылында дүниеге келген. Біреуге дана, біреуге пана асыл әжеміз Қарабауыр ауылында 6 жасында әкесінен жетім қалып, өмірдің ащы дәмін ерте татты. Балалық шағы ауыр қара жұмыспен өтті. Бірақ қайсар мінезді әжеміз еңбекке ерте араласып, адамды адам ететін еңбек екенін түсіне білді. Еңбекте әрқашан алда жүрді. 1944 жылы 16 жасында Аймақ ауылына келін болды. Балғожа атамизбен 50 жыл бақытты өмір кешті. Отағасы қой бағумен айналысып, еңбегінің жемісін көрді. Әжеміз сол қиын жылдары көптеген жұмыста істеді. Ер адамның да жұмыстарын атқарды. Шөп жинады, бидай тасыды. Еліне өз еңбек үлесін үлесін қосты. Үкімет те осы еңбегін бағалап, 1949 жылы асыл әжеміз аудан депутаты болып сайланды. Әжеміз 11 құрсақ көтерген Ана. Бүгін де балаларының қызығын көріп, 19 немере, 24 шөбере, 4 шөпшек тәрбиелеуде. Балалары әр салада қызмет етеді. Немере жиендері де бір-бір мамандық иелері. 24 қыркүйекте қымбатты, ардақты әжеміз 95 жасқа толғанын балалары атап өтті.

Әжемізге тілейтініміз зор денсаулық, мол бақыт. Ұрпақтарының ортасында бақытты болып жүре берсін. Ел мүддесі жолындағы еселі еңбегіңіздің зейнетін көріп, әрдайым арамызда ақылшы әже, ардақты азаматша, абыройлы әже болып аман-есен жүре беріңіз!

Ж.Н. Түргүмбаева,
кітапханашы.

ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІ! МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗБЕН!



АҒА ҰРПАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ ҚҰРМЕТ



Аға ұрпақтың қоғам өміріне қосқан үлесіне шынайы ризашылық білдіріп және қарттарға қамқорлық көрсету мақсатында аудандық мәдениет үйінде мерекелік іс-шара өткізілді.

Іс-шараны аудан әкімі Берік Әлжанов қарттарға алғысы мен тілегін айтумен ашып берді.

«1 қазан – Халықаралық қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – атабабадан келе жатқан салтымыз. Сіздерге үлгі болар істеріңіз үшін шексіз алғысымызды білдіре отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға бақ-береке, ырыс-несібе

тілеймін!»,- деді өз сөзінде Берік Ақылжанұлы. Сонымен қатар әкім ауданның ең белсенді зейнеткерлеріне құрмет грамоталарын, алғыс хаттар және «Еңбек ардагері» медальдарын табыстады.

Мәдениет үйінің фойесінде ауылдық округтер мен Тайынша қаласы зейнеткерлерінің қолынан шыққан қолөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылып, стендтер қойылды.

Балалар өнер мектебі хореографиялық ансамблінің өнерін, аудандық мәдениет үйінің ұжымдары мен солистерінің өнерін тамашалады.

ЖАНЫМЫЗДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

Қариясы бар үйдің қазынасы мол, берекесі нық болары баршамызға аян. Бұл ардақты атау, теңдесі жоқ терең мағыналы, сыйына да сыйлайтын қасиетті құран сөзіндегі құдіретті ұғым. Сондықтан да жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын деген емес пе! 1 қазан – Халықаралық қарттар күні. Бұл күн – аталар мен апалардың, ата-аналардың, бір-бірінің қадірін білетін жақын адамдардың мерекесі. Демек жан дүниенің жомарттығы мен адамдық даналықтың, азаматтықтың кемел шағына деген құрмет.

Адам баласының бойындағы бұл ізгі ниет – Жаратушы Иеміз бұйыртқан әрбір секундтың еншісінен бөлінбек емес, бөлінбейді де. Өйткені бүгінгі жас – ертеңгі қарт. Осы заңдылыққа бас иген қазақ қашаннан үлкенді сыйлауда тәспісінен жаңылмаған. Халқымызда «Қартын сыйлаған елдің қазынасы мол,- деген ұлағатты сөз бар. Қазақ – қарттарын қадірлеп өскен ұлт. Бүгінде қазақтың әрбір үйінен отбасы мүшелеріне ақылын айтып, тәлімді тәрбиесін беріп, ұлағатты ұғымдарды сіңіріп, шүпірлеген немере-шөберелерінің ортасында марқайып отырған ата-әжелерімізді көрудің өзі бір ғанибет. Жастары егде тартқан шақта қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтығырмай өсіріп, жетілдірген ұл-қыздары қас-қабағына қарап, немерелері қойнына тығылып, мойнына асылып жатса еңбектерінің ақталғаны емес пе? Қарияларымыздың «Жасымда бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» деп Жаратушыға құлшылық етуінің мәні де осында. Арамызда жүрген алтынның сынығындай салмақты да ардақты еңбекқор, ел ағаларының бірі, біздің бүгінгі кейіпкеріміз - Бүткейұлы Байболат.

Күйі бөтен демеймін, үйі бөтен,
Жақсы адамдар бар екен сүйіп өтем.
Жамандарды іздеме, өзі-ақ табар

Жақсыларды табуың қиын екен,- деп ақын ағамыз жырлағандай сандық түбіне сақтаған саф алтындар ұлағатты ағаларымызды іздеп тауып, олардың ерен еңбек жолдарын жас ұрпаққа үлгі-өнеге етіп көрсету бүгінгі күннің кезек күттірмес келелі мәселесі болмақ. Әрине, ол рухани жаңғырудың бірден-бір жолы, бағыт берер бағдаршамы болмақ. Осы орайда бүгінгі мақаламызға арқау болып отырған азамат туған өлкесінен Ата мекенге қоныс аударып, табан тіреп отырған сексеннің сеңгіріне келген, ел ағасы - Байболат Бүткенұлы Ол өмір жолында басшылық жұмысын абыроймен, белсенділікпен атқарып, бүгінгі таңда ерен еңбегінің жемісін көрген жан.

Еңбегін Монғол үкіметі жоғары бағалап, «Еңбек Қызыл ту» орденімен, «Алтын жұлдыз» орденімен және де көптеген медальдармен марапаттаған. Қазір ағамыз Бұланды ауданында тұрып, апайымыз Кәуенәй Райымбекқызымен бірге көп жылғы еңбегінің зейнетін көруде.

Күні ертең ағамыздың 80 жасқа толған мерей тойы. Сонымен қатар, апайымыз алты баланың анасы – Кәуенәймен үйленгенінің 60 жылдық гауһар тойы тойланбақ.

Ағайымыз Байболатты әңгімеге тартқанымызда ол: - Өзімді өмірдегі ең бақытты жанға балаймын. Бар байлығым балаларым, немерелерім, шөберелерім. Бәрі де бір-біріне ұқсап ақылды, парасатты, тәрбиелі, зейінді болып өсті. Қай-қайсысы да әттеген-ай соның баласы-ай деп жаман аттарын естірткен жоқ. Алды Монғолиядан, кейін осы Қазақ елінде білім алып, жоғарғы маман иесі болды. Қазір бірі ұстаз, бірі дәрігер, бірі заңгер деген сияқты маман иелері. Ризамын, балаларым тәуелсіз қазақ елінің қара шаңырағының бір уығы іспетті, қазақ елі үшін әр салада нәтижелі қызмет атқарып жүр, -деп тағы айтары болса да сәл кідірді. Біз де естіген әңгімемізді қанағат тұтып, түйіндедік те, бір шумақ өлеңмен аяқтауды жөн көрдік.

Жасыл көлдің қой бастаған серкесі
Құрметтеген, еркелеткен еркесі.
Қайта бір сәт артқа қарай шегініп,
25 пен 45-ке келсейші.
80-дегі сері аға,
Қажымас, қайсар, өр аға,
Сексенге біз де келейік,
Қол ұшыңды бер, аға.
Құрметтімің, үлкенсің,
Есіл дәурен гүлденсің.
Қайта оралып жастық шақ
Езуіңе күлкі енсін...Әуім!

Қорыта келгенде айтарымыз, қарт кісіні құт-береке деп танысақ, ол – ұрпақтың көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әрқашан да бақытты. Ел басына күн туған, қиын-қыстау күндерде халқына сүйеу, жұртына қамқор болатын қарттарымыз қашан да аман болсын! Қарттарым, аман-сау жүрші...

Қожа ҚАЗАНҰЛЫ,
газеттің меншікті тілшісі.



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР АСА ҮЗІНДІ КӨШІРМЕНІ ОНЛАЙН АЛДЫ

2022 жылдың басынан бастап 2022 жылдың 1 қыркүйегіне Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшылар мен алушыларға 22,3 миллионнан астам қызмет көрсетті. Оның ішінде 15,2 млн-нан астам операция электрондық форматта, шамамен 5,5 млн-ы – автоматты түрде жүргізілді. Осылайша, қазақстандықтар зейнетақы қызметтерінің шамамен 92,5% қашықтан алды.

БЖЗҚ салымшылары екі-үш батырманы басып-ақ жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме, ЖЗШ-ның бар-жоғы туралы анықтама алып, өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізіп, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы, сондай-ақ, ерікті зейнетақы жарналары бойынша өтініш беріп, төлемге өтініштің мәртебесін қадағалап және т.б. қызмет түрлерін ала алады. Салымшылар үшін ең танымал қызмет – жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу. Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша салымшылар онлайн форматта 15 миллионнан астам үзінді көшірме алды.

Міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын (МКЗЖ) және ерікті зейнетақы жарналарын (ЕЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын автоматты түрде ашу – өтінішсіз қызмет көрсету форматында жүзеге асырылады. Естеріңізге сала кетейік, жеке тұлғаның БЖЗҚ-да ашылған ЖЗШ болмаған жағдайда, ол алғашқы жарна түскенде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады. Бұл ретте жеке тұлға МЗЖ, МКЗЖ немесе ЕЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер арқылы сәйкестендіріледі. Салымшының қолданыстағы құжатының деректемелері мен тұрғылықты жері туралы барлық қажетті мәліметті БЖЗҚ мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алады. Осылайша, Қор салымшыларына шамамен 5,5 миллион қызмет автоматты түрде көрсетілді.

Кейбір қызметтерді алу үшін (мысалы, мұрагерлік бойынша немесе тұрақты тұруға шетелге кетуге байланысты зейнетақы төлемдерін рәсімдеу) құжаттардың түпнұсқаларын ұсыну қажет, оны пошта арқылы немесе жеке өзі не БЖЗҚ кеңсесінде сенім білдірілген адам арқылы ұсынуға болады. Сонымен қатар, Қор мамандарына көзбе-көз жүгінуді әлі күнге дейін жөн көретін салымшылар да бар. Сондықтан жыл басынан бері БЖЗҚ бөлімшелері арқылы Қазақстан бойынша салымшылар мен алушыларға дәстүрлі түрде 1 миллионнан аса қызмет көрсетілді. Естеріңізге сала кетейік, Қордың жақын жердегі бөлімшесін enrf.kz сайты немесе БЖЗҚ мобильді қосымшасы арқылы оңай табуға болады.

Көшпелі қызмет көрсету барысында шамамен 56,5 мың операция жүргізілді. Қордың мұндай қызмет көрсету түрі, ең алдымен, халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын (мерзімсіз мүгедектігі бар 1-ші және 2-ші топтағы мүгедектер) салымшыларға (алушылар) арналған.

«БЖЗҚ» АҚ мен «Қазпошта» АҚ-ның шалғайдағы елді мекендерде ұлттық пошта операторының бөлімшелерінде Қор салымшыларына зейнетақы қызметтерін ұсыну жөніндегі бірлескен жобасы аясында 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша 347 пошта бөлімшесінде 7,5 мыңнан астам қызмет көрсетілді.

БЖЗҚ сапалы кеңес беру қызметтерін ұсынуға және Қор салымшылары мен алушылары үшін ақпараттық арналарды дамытуға ерекше көңіл бөледі. 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі жағдай бойынша салымшылар мен алушылардан түрлі байланыс арналары арқылы түскен 612,2 мыңнан астам өтініш өңделді.

ҰЛТТЫҚ ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ӨЗІ, ОНЫҢ АР-НАМЫСЫ

Қоғамды толғандырып, толқытып жүрген мәселе жетерлік. Соның ішіндегі ең маңыздысы, ең қасиеттісі – мемлекеттік тіл мәселесі. Ашығын айтайық, бір-бірімізді алдамайық. Қазір қазақ тілі сан салалы тірлігіміздің басым бөлігінде сұраныстан мүлде тыс қалды. Орыстілді отандастарымыз оны қажетсінуді қойып, тіпті менсінбеуге айналды. Неге? Өйткені тәуел-сіздігімізді алған уақыттан бері «Мемлекеттік тілді дамытамыз» деп алуан бағдарламалар жасадық, әрқайсысының іске асуының мерзімін белгіледік.

Өкінішке қарай, соның бәрі ұмытылды, нәтижесі – нөлге жуық. Мемлекеттік деңгейдегі көзбояушылықтың, жауапсыздықтың, негізсіз әсіресеқтықтың кеселі, Отан алдындағы, ел алдындағы парыздың адыра қалуының кесірі бізді сондай сорақылыққа душар етті. Мемлекеттік тіл қажеттілігі ешкімнен талап етілмейтін болды, оған ешкім жауапты болмайтынға айналды. Миллиардтаған қаржы желге ұшты, қазір де сол сорақылық жалғасын табуда. Соның басты бір себебі – истэблшментіміздің «Қазақстан – көпұлтты мемлекет» деген жал-ғандықты ресми фактор түрінде көрсетуді әдет қылып алуында. Ондай әдеттің әбден үстем болып алған бетсіздік саясаты екенін де, қазақстандық кез келген диаспораның сыртта өз Отаны бар екенін де бәріміз білеміз, бірақ, Қазақстаннан басқа Отаны жоқ қазақтың обалын ешкім ойламайды. Бұл тұрғыда Қазақстан халқы Ассамблеясы да жұмған аузын бір ашқан емес. Ондай салғырттықпен, өтірікпен, ондай аярлықпен өркениетке қалай жетпекпіз?! Үштұғырлы тіл саясатын да ойлану керек бізге. Тілдерді жастай үйрену дұрыс-ақ. Бірақ, оның ғылыми негізі қайда? Оны түрлі академиялық зерттеулерден өткізіп, арнайы ғылыми кеңестерде барынша талқылап, шетелдік тәжірибелерді әбден сараптап-саралап барып қана жолға қоюымыз керек еді ғой. Өйтпедік. Елбасымыздың тілдер турасында жасаған сол ұсынысын біз бұйрық түрінде қабылдап, бірден орындауға кірісіп кеттік. Мемлекеттің, ұлттың тағдыры мен болашағы тұрғысынан қарағанда, сүйінішінен өкініші көп шаруамыздың бірі – сол. Ұлттық эгосы мүлде қалыптаспаған үш жасар балаға балабақшадан бастап шет тілі оқытылатындықтан, бүгінгі ұрпағымыздың тілі барған сайын алашұбарлана түсуде. Жыл өткен сайын ұлтсыз дүбәра ұрпақ саны ұлғайып барады. Қаладағы қазақ мектептерінің оқушылары да орыстанып бара жатқанын неге ескермейміз? Керісінше, орыс мектептері оқушыларының қазақ тілінен мүлде мақұрым екендігі неге айтылмайды? Ол шындықты неге жасыруымыз керек?! Тегінде, мемлекеттік тілден өзге тілдерді меңгеру әркімнің өз еркінде емес пе еді? Оны әркімге, әр оқушыға зорлап таңудың заңсыз екенін де ойлауды қойдық. Бәрінен бұрын, ол ойсыздық – қазақтың әдебиеті мен мәдениетіне, өнеріне жасалып жатқан қастандық. Өйткені бәрінің алтын өзегі – тілде. Бүгінгі таңда қазақтілді бұқараның, оның ішінде, әсіресе қазақ жастарының көшеге шығып, билікке өз наразылығын білдіріп жатуының басты бір себебін мемлекеттік тіліміздің солайша ескерусіз, сұраныссыз қалуынан да іздеу қажет екенін қашан түсінеміз?! Сол жастар баспана мен жұмыссыздыққа ғана емес, унитарлық мемлекетіміздің бірден-бір қамқор жүйесі ретіндегі қазақтың тілдік қадірінің қашқанына да бек қорланады. Өз мемлекеттік тілінің әлеуметтік әр салада босағадан сығалаған жетім баладай өз Отанында өскікті күй кешуі – ұлтты ересен ашындырады әрине. Өйткені ұлттық тіл – ұлттың өзі, оның ар-намысы. Болашағы. Ендігі билік ең әуелі соны ойласын. Қазақ тілінің Отаны – жалғыз, Қазақстан ғана. Соны бір сәт те жадымыздан шығармауымыз керек. Мемлекеттік тіл онсыз да отыз жылдай сергелдеңді бастан кешті. Сондықтан, алдағы бес жыл бола ма, он жыл бола ма, мемлекеттік тілді барша тұрғындардың меңгеруінің соңғы мерзімін нақты белгілеуіміз шарт. Адам баласынкі секілді мемлекеттің де барша тірлігі – ой арқылы пайда болады, ой арқылы сөйленеді, ой арқылы істелінеді, ой арқылы жүзеге асады. Ал ой дегеніміз, Абайша айтсақ, – «қаріпсіз-дауыссыз» сөз. Сөз дегеніміз – тіл, тіл дегеніміз – рух. Егер біз ел рухының мықтылығын – бақыт, ел бірлігін – мақсат, «Мәңгілік ел» идеясын мұрат тұтсақ, онда мемлекеттік тілдің тағдыры қашанда бірінші орында тұруға тиіс. Мемлекеттік тілді білу – еліміздің әр азаматының да, елге жұмыс іздеп тұрақты мекендеуге келген әр шетелдіктің де міндеті мен парызы болмағы абзал. Ата Заңда солай бекітілуі керек. «Ырыс алды – ынтымақ» дейді халқымыз, ынтымаққа ұйытқы ретіндегі мемлекеттік тіл құндылығы негізінде топтаса ойлаған-сөйлеген халық қана бірлікте болады.

Тыныштықбек ӘБДІКӘКІМҰЛЫ,
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

ҰСТАЗ – ЕҢ МЕЙІРІМДІ, КӨРЕГЕН ЖАН

*Тұла бойы ізгілікке малынған бақыт бұлағы.
Жүрегі нәзік, бар жанымен шәкіртінің жеңісін
тілейтін періште!*

Иә, мен Ұстаз деген ұлы адамды дәл осылай ұғынамын, осылай суреттей аламын. Өйткені менің анам – ұстаз, ол дәл осындай! Оны кереметтей етіп суреттей алмасам да, мен үшін ол аялы жан, өмірлік ұстазым. Шығармашылығымды шыңдап, мені тек жақсылыққа, жеңіске тәрбиелеген ұстазым, анам-ӘУТЕНОВА ҚҰСНИ. Кішкентайымнан қиялымды ұштап, ары қарай биікке ұшастырды. Талай бәйгеге апарып, жеңісімді тіледі. Жеңуіме сенім білдіретін және сенді. Болашағыма зор үмітпен қарады. Анамды шексіз жақсы көретінімде сондықтан. Мен үшін асыл, мен үшін дана!

Аяулы, анашым менің! Сізге өмірдің бар бағын, бақытын, мейірімін тілеймін.

Әлпештеген, аялап асыраған,
Аяулы ана, ақ ниет асыл адам.

Ұрпақ үшін тірлікке нұрын төккен,
Қиын-қыстау күнде де жасымаған.

Сыздағасыз, сан рет мұздағасыз,
Шәкіртке де, бізге де ізгі анасыз.

Бағымыздың бұлбұлын сайрататын.

Жанымыздың жайлауы Сіз ғанасыз. Қазанның 4 жұлдызында анамыздың, ақылшы әжеміздің туған күні болды. Тапшыл ауылының тумасы, Қарағаш ауылының тұрғыны Әутенова Құсни – өмір жолында ұстаздықты қалаған жан. Анамызды туған күнімен құттықтаймыз! Деніңізге саулық, шаңырағыңызға ырыс-байлық, көңіліңізге сезімнің шалқыған шаттығын тілейміз. Әрдайым осы қалпыңыздан танбай, жетістіктен жетістікке жете беріңіз. Жүзіңізден шуақ кетпей, ғұмыр бойы маз-мейрам болып, өмірдің қызығына тоймай, ортамызда жүре беріңіз. Туған-туыс алдында да абыройыңыз артып, аңсаған армандарыңыздың асуларына шыға беріңіз. Аяулы анамыз! Туған күніңіз құтты болсын!

Ербол-Анар, Алия, Маншүк,
немере-шөберелерің.

ҰСТАЗЫМ, МЕНІҢ, ҰСТАЗЫМ...

Мұғалім мамандығы барлық уақытта ең құрметті, бірақ ең қиын болып қала берді. Өз тәжірибесін жастарға жеткізе білу - бұл талант. Мұғалімнің басты қуанышы — оқушылардың алғысы мен әріптестерінің өзара түсіністігі. Бүгінде мектепте жұмыс істейтін әрбір адам болашаққа жұмыс істейді және осы болашаққа жауап береді. Әсіресе, сіздің өміріңізде ынта, махаббат және әрине, білім әкелетін мұғалім пайда болған кезде жағымды. Осындай мұғалімдердің бірі — Жарқынбаева Күлсан Заберқызы.



Отыз жылдан астам уақыт мұғалімі болып қызмет атқарады. Ол өте сүйкімді адам, әдемі әйел, сүйікті ана. Ең бастысы, Күлсан Заберқызы өз ісінің шебері. Ол - мұғалім үшін ең маңызды қасиеттерге ие: белсенділік, мейірімділік және еңбекқорлық.

Мектеп оқушылары және өзін-өзі басқару ұйымы атынан Жарқынбаева Күлсан Заберқызын ұстаздар күнімен құттықтаймыз!

Саят САДВОҚАС,
Тайынша қаласы №5 ОМ-нің Президенті.

2022 жылғы 16 қазанға тағайындалған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі әкімі сайлау бойынша Тайынша аудандық сайлау комиссиясының

ХАБАРЛАМАСЫ

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі әкімі ретінде кандидаттар тіркеу туралы.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 113-5-бабына сәйкес аудандық сайлау комиссиясы Большеизюм ауылдық округі әкімінің кандидаттарды тіркеді:

Жүсіпов Талғат Абзалұлы, 1987 жылы туған, ауылдық округ әкімі, «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Большеизюм ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, Большой Изюм ауылы, «AMANAT» партиясы» ҚБ ұсынды;

Молдашев Самат Бақытжанұлы, 1966 жылы туған, мектеп директоры, «Большеизюм орта мектебі» КММ, Большой Изюм ауылы, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынды;

Нығметжанов Берік Шәріпжанұлы, 1984 жылы туған, бас маманы, «Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы Чермошнян ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, Чермошнян ауылы, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынды;

Аудандық сайлау комиссиясы.

• Сайлау – 2022

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Тайынша таңы» газетінің редакциясы 2022 жылғы 16 қазанға тағайындалған Большеизюм ауылдық округі әкімінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі сайлауға қатысу үшін тіркелген кандидаттарға сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін баспасөз бетінен орын берудің шарттары, көлемі мен тәртібін хабардар етеді.

БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫ ҮШІН ОРЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ
Редакцияның баспа материалдарына орын белгілеу «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға сәйкес жүзеге асырылады. Баспа материалдары үшін орын белгілеу кандидаттарға үгіт баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілеу туралы редакциямен жасалатын жазбаша келісімшарт негізінде жүзеге асырылады. Келісімшарттың және оған тиесілі құжаттардың үлгісі жоғарыда аталған жазбаша өтінішті беру кезінде көрсетіледі. Баспа беттерінде орын белгілеу туралы редакциямен келісімшартқа кандидаттың (сенім білдірген адамның) қол қоюы кандидаттың (сенім білдірген адамның) сайлауалды үгіт жүргізуге қатысты редакцияның қызметін пайдалануға келісім беруі болып табылады. Келісімшарт жасасу үшін кандидат, партиялық тізімін ұсынатын саяси партия редакцияға мынадай ақпараттар көрсетілген жазбаша өтініш білдіреді:

- жазбаша өтінішті тіркеу нөмірі, күні мен уақыты;
- кандидаттың (партиялық тізім ұсынған саяси партияның атауы) аты-жөні, кандидаттың, жазбаша өтініш берген сенім білдірген адамның аты-жөндері;
- жазбаша өтініш берген адамның өкілеттілігін растайтын құжат: кандидаттың (сенім білдірген адамның) жеке куәлігі, кандидаттың (сенім білдірген адамның) уәкілетті мемлекеттік орган берген куәлігі немесе заңнамаға сәйкес өзге құжаты;
- сайлау округі (саяси партия);
- баспа материалдары орнының көлемі және оны беру мезгілі, үгіт баспа материалдарының түрі көрсетілген жазбаша өтініштің мазмұны;
- кандидаттың немесе сенім білдірген адамның қолы.

Үгіт баспа материалдары редакцияға жарық көруге 5 (бес) жұмыс күні қалғанда беріледі. Баспа материалдарында конституциялық құрылысты күштеп өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, сословиелік және рулық алауыздықты өршіту, қатыгездік пен зорлық-зомбылық, сондай-ақ заңнамада көрсетілген әскери құрамалар құру идеяларын ұсынған жағдайда редакция оларды жариялаудан бас тартуға құқығы бар.

МАТЕРИАЛДАРЫҢ МӨЛШЕРІ, АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

2022 жылғы 16 қазанға белгіленген Большеизюм ауылдық округі әкімін сайлауға қатысу үшін тіркелген кандидаттарға сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру үшін баспа материалдарына ақы төлеу мөлшері – «Тайынша таңы» газетінде 1 (бір) шаршы сантиметріне – 120 (жүз жиырма) теңге. Баспа материалдарына ақы төлеудің сомасы алдын ала 100 пайыздық ақысын төлей отырып, тиісті сайлау қоры аударуы керек. Алдын ала төлеу редакция берген шот негізінде жүзеге асырылады. Ақы төлеу баспа материалдары үшін орын бөлу туралы тиісті келісімшартта немесе шотта көрсетілген редакцияның банктік реквизиттеріне сәйкес атқарылады.

Гүл НҰРАЛИНА,
«Тайынша-Таңы» ЖШС директоры.

Тайынша ауданының Большеизюм ауылдық округ әкімдеріне үміткерлердің сайлаушылармен кездесу кестесі

| № | Тайынша ауданының ауылдық округі әкіміне үміткердің Т.А.Ж. | Кездесу өткізу күні | Кездесу өткізу уақыты | Кездесу өткізу орны |
|---|--|---------------------|-----------------------|---|
| 1 | МУЛДАШЕВ Самат Бақытжанович | 09.10.2022 | 11.00 | «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Тайынша ауданының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Большеизюм орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мектебінің мәжіліс залы |
| 2 | ЖУСУПОВ Талғат Абзалович | 10.10.2022 | 11.00 | |
| 3 | НЕГМЕТЖАНОВ Берік Шәріпжанович | 11.10.2022 | 11.00 | |

ЖҮСІПОВ ТАЛҒАТ АБЗАЛУЛЫ
Большеизюм ауылдық округі әкіміне кандидат



Талғат Абзалұлы Жүсіпов 1987 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Булаев ауданы Чистовское ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары, 2008 жылы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін бітірген. М. Қозыбаева «Құқықтану» мамандығы бойынша. Еңбек жолын «СҚО Тайынша ауданының білім бөлімі» ММ бастады. 2011 жылдан бастап 2012 жылдың желтоқсанына дейін Тайынша ауданының жер қатынастары бөлімінің жер инспекторы, заңгері, 2013 жылдың қаңтар айынан 2014 жылдың қараша айына дейін Тайынша ауданының экономика және қаржы бөлімінің заңгері, 2014 жылдың қараша айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Большеизюм ауылдық округінің әкімі қызметін атқарады. «AMANAT» партиясының мүшесі.

САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ БАҒДАРЛАМА

Большеизюм ауылдық округі әкіміне кандидат ретінде кезекті екінші рет үміткер бола отырып, менің барлық еңбек әлеуетім таусылған жоқ деп санаймын. Өз сайлаушыларыма жүгінсек, қандай да бір шешім қабылдау өте қиын, бірақ оларды жүзеге асыру одан да қиын деп айтқым келеді. Мені жерлестеріме ауыр мәселелерді шешуде, бірінші кезектегі істерді жүзеге асыруда көмектесуді жалғастыруға деген ұмтылыс жетелейді.

Президенттің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауының басын міндеттерін негізге ала отырып, мен кейбір проблемаларға өз көзқарасымды ұсынамын, оларды еңсеру әрбір адамның басты арманын іске асыруға – өзі үшін де, келесі ұрпақ үшін де лайықты өмір табуға белгілі бір үлес қосуы мүмкін.

Осы сегіз жыл ішінде округте екі балалар ойын алаңы, екі хоккей корты салынды, көше шамдарының саны артты. Қолданыстағы полигонды бұру бойынша жұмыс жүргізілді, мал қорымы салынды. Бірақ біздің округтің тұрғындары күнделікті кездесетін проблемалар әлі де бар.

Маған сенім білдіріп, мені округ әкімі етіп таңдаса, 2026 жылға дейін кентшілік жолдарды жөндеуге жәрдемдесемін, 2026 жылға қарай Большеизюм ауылында су құбырының таратушы желілерін салуға жәрдемдесемін, округтің ауылдарында 2026 жылға дейін көше жарығымен толық қамтамасыз етуге жәрдемдесемін. Мен округтің бюджеті шектеулі екенін түсінемін, сондықтан Большеизюм ауылындағы Жеңіс саябағын орналастыру үшін қосымша қаржыландыру көздерін іздеймін. Қолайлы кәсіпкерлік орта құруға, перспективалы жобаларға несие беру, ауыл кәсіпкерлігін өндіру мен кеңейту жөніндегі мәселелерді шешуге жәрдемдесетін боламын. Нәтижесінде жаңа жұмыс орындары ашылатын болады.

Округ халқының әлеуметтік осал топтарын қолдауға, өскелең ұрпақтың мәдени, рухани тәрбиесін ілгерілетуге үлес қосу қажет деп санаймын.

Мен бұл мәселелерді қалай шешуге және біздің округтегі өмірді жақсартып халықтың әл-ауқатын қалайша арттыруға болатынын білемін! Мен мұны тек Сіздердің қолдауларыңызбен жасай аламын!

Сайлау-2022 материалдары аудандық сайлау комиссиясымен жергілікті бюджет есебінен төленді.

МУЛДАШЕВ САМАТ БАҚЫТЖАНҰЛЫ
Большеизюм ауылдық округі әкіміне кандидат



Самат Мулдашев 1966 жылы Қостанай Мақсұт ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. 1998 жылы «қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі» мамандығы бойынша. Шоқан Уәлиханов Көкшетау университетін бітірген. Еңбек жолын 1983 жылы «Ауыл шаруашылығы химиясы» РПО жөндеу бойынша слесарь болып бастады, Кеңес Армиясы қатарында қызмет етті. Әр жылдары «Симферопольский совхозының құрылыс учаскесінің жұмысшысы», «Строитель» кооперативінің жұмысшы-құрылысшысы, Тайынша қаласы №4 ОМ Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, Тайынша ауданы білім бөлімі бастығының орынбасары, №3 Смирнов орта мектебінде және №2 Чкалов орта мектебінің директоры болып жұмыс істеді. 2017 жылдың ақпан айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Большеизюм орта мектебінің директоры.

САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ БАҒДАРЛАМА

Ауылдық округ әкімінің мемлекеттік биліктің өкілі ретіндегі бірінші кезектегі шақыруы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы Жолдауларында, оның ішінде нақты ауылдық округте қойған міндеттерін тезірек іске асыруға ықпал ету екеніне сенімдімін.

Білім беру саласының қызметкері ретінде еліміздің байлығын арттыратын, халықаралық аренада Қазақстанның мүдделерін қорғайтын нарықтық ойлауы бар, бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеудегі басты міндетімді көріп отырмын. Өзін нағыз қазақстандықтар деп санайтын жаңа ұрпақ өсті. Қазіргі жас ұрпақ жаңа Қазақстан – мықты және өркендеп келе жатқан жаңа тап болып табылады. Қазақстанның болашағы олардың - қазіргі мемлекеттің азаматтары болуымен тығыз байланысты. Мен баланың, отбасының құқықтары мен мүдделерін қорғауға, білім мазмұнын жаңартуға және салауатты өмір салтын насихаттауға бар күшімді саламын. Атап айтқанда, Жұмыспен қамту және жастардың бос уақыты сияқты мәселелерді шешуге ықпал еткім келеді. Бүгінгі таңда өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесіне деген қажеттілік қалай артып келе жатқанын байқамау мүмкін емес. Мұғалім емес, баланы

лайықты толыққанды тұлға ретінде қалай тәрбиелеу керектігін кім жақсы біледі.

Тағы бір проблемалық мәселе – жолдарды жөндеу қажеттілігі екенін жақсы білемін. Большеизюм ауылының тұрғыны ретінде мен өз жерлестерімнің өмір сүру деңгейін арттыруға мүдделімін, сумен қамтамасыз етуді және көшелерді жарықтандыруды жақсартуға ұмтыламын. Сондай-ақ, коммерциялық құрылымдардың білім беру мекемелері мен аз қамтылған отбасыларға қамқоршылық және демеушілік көмек көрсетуге бастамашы боламын. Азамат және еліміздің патриоты ретінде мен жоспарланған жұмыстардың бәрі халықпен бірге жасалғанда ғана сәтті болатынын түсінемін. Мен өзімнің барлық іскерлік қасиеттерім мен ұйымдастырушылық қабілеттерімді жоспарланған бағдарламаны орындауға және сайлаушыларымның әрбір іскерлік ұсынысын жүзеге асыруға бағыттаймын, олардың сенімін ақтауға тырысамын. Құрметті сайлаушылар! Бар білімім мен тәжірибемді пайдалана отырып, тұрғындардың әл-ауқатын жақсартуға өз еңбек үлесімді қосуға дайынмын.

Сайлау-2022 материалдары аудандық сайлау комиссиясымен жергілікті бюджет есебінен төленді.

НЕГМЕТЖАНОВ БЕРІК ШӘРІПЖАНҰЛЫ
Большеизюм ауылдық округі әкіміне кандидат



Берік Шәріпжанұлы Негметжанов 1984 жылы Көкшетау облысы Красноармейск ауданы Чермошнянка ауылында дүниеге келген. Білімі жоғары. 2005 жылы «Фемид» заң академиясын «құқықтану бакалавры» мамандығы бойынша, 2013 жылы Көкшетау А. Мырзахметов университетін «білім бакалавры» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 2007 жылы облыс соттары Әкімшісінің сот орындаушыларының Тайынша аумақтық учаскесінің экспедиторы болып бастады. Әр жылдары Тайынша ауданының экономика және қаржы бөлімінің маманы, Тайынша ауданы әкімі аппаратының бас маман-заңгері, Тайынша ауданының ішкі саясат бөлімінің бас маманы болып жұмыс істеді. 2018 жылдың қаңтар айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Чермошнян ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарады.

САЙЛАУ АЛДЫНДАҒЫ БАҒДАРЛАМА

Ежелгі философ Гераклиттің «бәрі ағып жатыр, бәрі өзгереді» деген шынайы, өмірлік сөзі бар. Бұл өмір ағымында біздің ел де бар. Қазақстанда болып жатқан өзгерістер экономикалық, саяси, әлеуметтік тұрғыдан үдемелі, жоспарлы дамудың қорытындысы болып табылады. Бүгінде қазақстандықтардың әл-ауқаты үшін бәрін жасайтын Президентімізбен ынтымақтаспау мүмкін емес. Бұл үдерісте ауылдық округтердің әкімдері маңызды рөл атқарады. Біздің еліміздің заңнамасына сәйкес оларға өздеріне алған міндеттемелерді неғұрлым белсенді және жауапкершілікпен орындауға мүмкіндік беретін өкілеттіктер берілген.

Большеизюм ауылдық округінің әкімдеріне өз кандидатурамды ұсына отырып, менің ішкі энергиям, ойларым, мүмкіндіктерім өз халқымыздың игілігі үшін қызмет етуге мүмкіндік беретінін сеземін. Өз сайлаушыларыма алдыма қойылған міндеттерді шешу үшін барынша күш салуға уәде беремін. Менің қызметім барысында мен сайлаушылардың барлық ұсыныстарын ескеремін, олардың мүдделері мен қоғамға пайдасын басшылыққа аламын.

Оң өзгерістердің сәттілігінің кепілі, ең алдымен, медицина мен білім берудің дамыған салаларын қарастырамын, сондықтан мектептерді, медициналық мекемелерді заманауи жабдықтармен және барлық қажеттіліктермен жабдықтауға жәрдемдесемін.

Елді мекендерді абаттандыруға, жарықтандыруға, жолдарды жөндеуге ерекше назар аудару қажет деп санаймын. Халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету де маңызды міндет.

Ауылдың мықты экономикасы негізінен әрбір жеке отбасының экономикасымен, әр үйдің әл-ауқатымен анықталады. Адамдарға жақсы өмір сүруге қол жеткізуге көмектесу – ауылдық округ әкімінің міндеті. Округ халқының мемлекеттік бағдарламалар аясында жұмыспен қамту, өз кәсібін ашуға жәрдемдесу жолында белсенді жұмыс атқаруға тырысамын. Округ тұрғындарының маңызды стратегиялық және күнделікті мәселелерінің шешімі жолында өз еңбек тәжірибемді қолданамын.

Сайлау-2022 материалдары аудандық сайлау комиссиясымен жергілікті бюджет есебінен төленді.

• Адам. Қоғам. Дін

МӘУЛІТ МЕЙРАМЫ ПАЙҒАМБАР МЕЙІРІМІН СҮЙІНШІЛЕЙТІН МЕРЕКЕ

Мұсылмандарға арналған 2022 жылдың күнтізбесіне сәйкес, Мәуліт мерекесі қазан айының 7-нен 8-не қараған күнде тойланады. Мәуліт атауы барша мұсылманның үлгісі болған Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың өмірге келу құрметіне берілген.

Мәуліт мерекесін тойлау исламда ыңжи IV-V ғасырлардан басталады. Араб тілінен аударғанда «туған күн» деген мағынаны береді. Бұл ислам елдерінде кеңінен тойланады. Сирия, Алжир, Тунис, Марокко және басқа елде Мәуліт күні қалыс қалмайды. Пәкістанда бұл мереке үш күн тойланады. Міне, сондықтан, Алла Тағаланың ең сүйікті пендесі, Адамның (ғ.с.) Иса (ғ.с.) пайғамбарға дейінгі Алла елшілерінің соңғысы әрі сардары Мұхаммедтің (с.ғ.с.) дүниеге келуінің құрметіне ол айға осы атау берілген.

Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз Құрайыш тайпасынан шыққан, оның ішіндегі Бани Һашим әулетінен шыққан. Туған жері – Алла Тағаланың нұры жауып тұратын Мекке қаласы. Әкесі Абдулла, атасы Әбдімүтәліп. Анасы Әмина.

Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) ата-анасынан ерте айырылды. Әкесі перзенті өмірге келмей тұрғанда дүние салса, алты жасқа толғанда анасы қайтыс болады. Мұхаммед (с.ғ.с.) Исадан (ғ.с.) милади жыл санауы бойынша 571 жыл кейін, 20 сәуірде, ыңжи санауы бойынша Рабиуль-әууал айының 12-сі, дүйсенбі күні дүниеге келген.

Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) дүние есігін ашқанда, ғаламда ғажап оқиғалар болған деседі. Дүние нұрға бөленген. Анасы Әмина әйелдер әдеті бойынша толғақ қысу, қан кетуге ұқсас қиыншылықтарды көрмеген. Пайғамбарымыз туғанда үстінен жұпар иіс аңқып тұрған. Атасы Әбдімүтәліптен пайғамбарымыздың есімінің сы-

рын сұрағанда ол: «Мен немеремді аспанда Хақ Тағала, жерде халық көп мақтайды деп үміттенемін» деп жауап қатқан екен.

«Мұхаммед» есімі Құранның бірнеше аяттарында айтылады. Ал, Құранның 47-сүресі «Мұхаммед» есімімен аталған. «Мұхаммед» сөзі «мақталуға лайық, мақталушы» деген мағына береді.

– Мұхаммед пайғамбар насихат сөз айтудан гөрі, іспен үлгі көрсетуге ерекше мән берген. Бір нәрсені бұйыратын болса, бірінші оны өзі орындайтын, бір нәрседен тыйым салатын болса, бірінші болып өзі тыйылатын. Мінезі жұмсақ, қолы ашық, жомарт еді және ұдайы күлімсіреп жүрген. Алла елшісінің тістерін ақситып, шері тарқап, шегі қатқанша күлгенін көрмеппін. Ол тек күлімсірейтін, – деп әңгімелеген Әзірет Айша.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) болмыс-бітімі туралы:

«Кең маңдайлы кісі еді. Қасы қою, көзі қара, кірпіктері ұзын. Бет-әлпеті толған айдай нұрлы еді. Дөңгелек жүзді, сақалы тығыз. Толқын шашы қатты бұйра болмаса да, ортасынан қақ бөлініп иығына жетер-жетпестей төгіліп түсіп тұратын. Кең иықты, кеуделі келген. Алақаны мен табаны ірі болатын. Алақаны жібектей жұмсақ еді. Орта бойлы. Семіз де емес, арық та емес. Денесі тершең, бірақ, үстінен хош иіс аңқып тұратын. Жылдам және алға сәл иіле жүретін. Бір жаққа қараса, тұтас денесімен бұрылатын. Жан-жағына атүсті мойын бұра бермейтін. Әрқашан жүзі күлімсіреп тұратын», деп сипатталады.

Мәулітті атап өту – абзал амалдың бірі. Себебі, мәуліт Пайғамбарға (с.ғ.с.) деген сүйіспеншілік пен қуаныштың айрықша көрінісі. Ал, Пайғамбарды (с.ғ.с.) жақсы көру – иман негіздерінің бірі. Сондықтан, бұл күнді тойлаудағы



негізгі мақсат – пайғамбар ғұмырын үлгі ету. Оның жүріп өткен өмірін, амалдарын, өсиетін ұрпаққа жеткізу. Ата-ананы құрметтеуге, сүннет жолын ұстануға үйрету. Пайғамбар көрсетіп кеткен жолды нұсқау. Өсиетін ескеру.

Мәуліт мерекесінде Қасиетті Құран оқылып, пайғамбарымыз (с.ғ.с.) жайлы мадақ өлеңдер мен жырлар, салауаттар айтылады. Қасиетті мәуліт күнінде жұртқа сусын, тамақ таратып, сыйлықтар беріп, басқа да игі шаралар жасауға болады. Бұл мереке кезінде шариғатқа қайшы іс-әрекеттердің орын алмауы шарт. Шариғатқа қайшы емес әрі мұсылмандарға пайдасы бар барлық іс жақсы бидғатқа жатады. Құранда: «Біз сені күллі ғалам үшін рақым етіп қана жібердік» деп осы ақиқатты меңзеген. Сондықтан, пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) дүниеге аяқ басып, ғаламды нұрға бөлеуі – артына ерген үмбеті үшін үлкен қуаныш. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың ғибратты ғұмырын насихаттап, жастарды имандылыққа тәрбиелеу арқылы оларды бауырмалдыққа, адамгершілікке, ата-ананы құрметтеуге және түрлі теріс қылықтардан сақтануға шақыру екенін ұмытпағанымыз дұрыс.

Асылай ҚАДЫРҚЫЗЫ,
журналист

БАЛАЛАРҒА МЕЙІРІМДІЛІК

Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) әсіресе балаларға, жетімдерге және әлсіздерге мейірімді болды. Ол айтты: «Мен намазды ұстағанда ниет етіп кіремін, бірақ мен баланың жылағанын естігенде, ана мен балаға мейірімділік танытып, тез дұға етемін»..

Балаларын еркелетіп, сүйді, ойнады. Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) немерелері Хасан мен Хусейнді Акраа ибн Хабистің көзінше сүйгенде: «Менің он ұлым бар және мен оларды ешқашан сүйген емеспін», - деді. Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) оған: «Кім мейірімді болмаса, оған ешкім рақым етпейді».

Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) кедерлермен бірге болуды жақсы көретін. Ауру кезінде оларға барды, жерлеуге қатысты және оларға қамқорлық жасады.

Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) жетім балаларға ерекше мейірім мен назар аударды. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өсиетінде мұсылмандарға оларға көмектесуді бұйырды. Хадисте былай делінген: «Мен және жұмақта жетім балаларға көмектесетін бір қолдың екі саусағындай жақын боламын».

ЖАҢУАРЛАРҒА МЕЙІРІМДІЛІК

Пайғамбардың (с.ғ.с.) мейірімі жануарларға да тарады.

Мұндай жағдай болды: Айша түйесін айдай бастаған кезде, Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) оған: «Мейірімді бол».

Бірде ансарлардың бірінің бағына кіргенде, Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) онда түйені көреді. Жануар Пайғамбарға (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) жақындады, жануардың көзінен жас ағып кетті. Ол құлағынан сипады, түйе жылауын тоқтатты. Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Бұл түйенің иесі кім?» Бір жас ансар шықты, Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) оған былай деді: «Сіз бұл жануармен не істеп жатқаныңыз үшін Алладан қорықпайсыз ба?! Ол мені тамақтандырмайтындығыңызға және шамадан тыс шаршатқаныңызға шағымданады».

Ол бақаларды өлтіруге тыйым салды: «Олардың айқайы тасбих (Алланы еске алу)».

Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) мысықты құлыпта ұстағандықтан және өзіне тамақ іздеуге мүмкіндік бермегендіктен тозаққа түскен әйел туралы айтты.

Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бізге жануарларды ойнауға қатаң тыйым салды, сондай -ақ құстардың мазасын алуға тыйым салды.

Ер адам ұядан көгершінді алып кеткенде, Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «Анаңның балапанын қайтар».

ЖОМАРТТЫҚ

Жомарттық, жомарттық, тектілік - бұл Пайғамбарға (с.ғ.с.) тән қасиеттер. Ол айтты: «Жомарт адам Аллаға жақын, адамдарға жақын, жұмаққа жақын. Сараң адам Алладан алыс, адамдардан алыс және тозаққа жақын».

Ол сондай -ақ: «Екі періште аспаннан түспейтін күн жоқ. Біреуі: «Уа, Алла! Берушіге беріңіз». Ал екіншісі: «Сараңның азабын бер».

Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) мақтау үшін немесе байлықтан айырылып қалудан қорқу үшін жомарттық танытпаған. Ол мақтаншақтықтан немесе жақтастарының санын көбейтуден жомарт болған жоқ. Оның жомарттығы тек Алла разылығы үшін болды. Пайғамбардың (с.ғ.с.) жомарттығы дінді сақтау, оны тарату үшін болды. Оның жомарттығы жетімдерге, жесірлерге, науқастарға және т.б.

Оның жомарттығы байлықтан, байлықтан келген жоқ. Ол өзіне және отбасына қажет нәрсені берді. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) ұлылығы сондай дәрежеге жетті, ол көмек сұраушылардан бас тарта алмады.

АДАЛДЫҚ ПЕН ШЫДАМДЫЛЫҚ

Адалдық- Бұл нағыз сенетін адамгершілік қасиеттерге ғана тән қасиет.

Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) келісімдер мен уәделерге адал болды.

Бір адам Пайғамбарға (с.ғ.с.) бірдеңе сатты, ал Пайғамбар (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) оған аз ғана

мөлшерде қарыз болды. Олар төлеу үшін келесі күні сол жерде кездесуге келісті. Бұл адам келісімшартты үш күннен кейін ғана есіне түсіріп, көрсетілген жерге келді. Сол жерде ол өзін күтіп тұрған Пайғамбарды (с.ғ.с.) тапты. Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) оған: «Сіз маған ауыртпалық түсірдіңіз, мен сізді үшінші күн күтемін».

Пайғамбардың (с.ғ.с.) Алла жолындағы шыдамдылығы барлық сабырлылардың шыдамдылығынан асып түсті. Оның қысымшылық пен қуғынға төзімділігі кез келгеннің төзімділігінен асып түсті.

Алла Тағала жаратқан нәрселердің ішінде Оның жаратылыстарының ішіндегі ең жақсысы - пайғамбарлар. Пайғамбарлардың ішінде елші болған және елшілердің ішінде ең жақсылары: Нух, Ибраһим, Мұса, Иса және Мұхаммед, олар «үл -азми» деп аталады. ! Ал аталған бес хабаршының ішінде ең құрметті және ең жақсысы - Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.).

Осыдан он бес жүз жыл бұрын надандықтың қараңғылығына батқан әлем жарық сәулесімен жарықтандырылды. Жолды жарықтандыратын және қараңғылықты сейілетін сәуле, адамдарды әлемдердің Раббысына ғибадат ету үшін бір -біріне табынудан босатты. Алла Құранда (мағынасында): «Әлиф. Лам. Ра. Біз сендерге Киелі кітапты Раббыларының рұқсатымен адамдарды қараңғылықтан жарыққа - Құдіретті, мақтауға тұрарлық жолға апаруы үшін түсірдік» (Ибраһим сүресі, 1 аят).

Алла Елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) бір жарым мың жыл бұрын адамдарға Алла Тағаланың соңғы шариғатын орнату үшін келді, ол адамдардың барлық сұрақтары мен сұрауларына қияметке дейін жауап береді. Аллаһ айтады: «Бүгін мен сендерге діндеріңді жетілдірдім, сендерге мейірімділігіңді жеткіздім және сендерге Исламды дін ретінде бекіттім» («Тамақ» сүресі, 3 -аят). Әділ, жауапты, ақылды, мейірімді, жұмсақ, батыл, күшті - планетада өмір сүрген ең жақсы адам - ол әлем бұрын -соңды көрмеген және көрмейтін қоғам мен мемлекет құрды.

Алла ол туралы (мағынасы) былай дейді: «Біз сені әлемдерге мейірім ретінде ғана жібердік» («Пайғамбарлар» сүресі, 107 -аят). Алла Елшісіне жүгініп: «Расында, сенің мінезің керемет!»

Меншік иесі: «Тайынша таңы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып,
мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу
жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп,
№10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.»
ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы,
Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 331. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша қаласы, Астана көшесі, 165-үй.
БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:
8 (715-36) 2-36-96

Жарияланған мақала авторларының пікірлері
редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба
қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап
жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен
материалдардың мазмұны мен мәтініне
хабарлама беруші автор өзі жауапты.